



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р. Т. Емелбаев

« 13 » 02 2023ж.

«Бастауыш сынып» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

- 1. Мақсаты:** Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «Бастауыш сынып» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаттары
01	Оқылым	01	Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	Синоним, антоним, омоним сөздерді ажырату; Тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу; Тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу және мағынасын түсіну
		02	Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау; Өз бетінше мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды анықтау
		03	Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау	шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу
		04	Әдеби шығарманың жанрын анықтау	Өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау; аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау
		05	Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	Шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану
02	Жазылым	06	Қатені табу және түзету	Жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету
		07	Сөздердің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын сақтау	я, ю әріптерінің емлесін сақтап жазу; э, ф, в, ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу; сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану; у, и, й әріптерінің емлесін сақтап жазу; түбір сөздегі -ы, -і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған

				кездегі өзгерісін сақтап жазу; сөзге қосымшалар
				жалғауда буын үндестігін ескеріп қолдану; дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді, ұяң) ажырату және дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу; ч, щ әріптері бар сөздердің емлесін білу; айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді анықтап жазу; дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу; х, һ әріптері бар сөздерді ажыратып жазу
		08	Грамматикалық нормаларды сақтау	Негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату; сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату; Сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату; сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын шылауларды (және, себебі, мен, пен) қолдану; Негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау; Жіктеу есімдіктерін септей алу
03	Тарих беттерінен	09	Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	Дереккөздерді зерделеу арқылы Томирис туралы әңгімелеу; Әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелеу; Тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру; Тарихи мысалдар негізінде қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсету
04	Сандар мен шамалар	10	Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	Натурал сандар/нөл санының құрылу жолын түсіну, 10/11-20 көлемінде тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау; Екітаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру; Үштаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштарға; Пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсіну
		11	Сандар мен амалдар орындау	Қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну; 34+ 23, 57-23, 45±19, 47+33, 80-47, 100-35 жағдайларында: екітаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану 3.1.2.10 23·2, 123·2, 46:2, 246:2 жағдайларында: екітаңбалы/ үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану
		12	Шамалар және өлшем бірліктері	1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 тг монеталармен түрліше төлем жасау; ұзындық (см, дм, м)/масса (кг, ц)/ уақыт (сағ, мин, тәул, ай, жыл)

				өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру; көлем (сыйымдылық) ($\text{мм}^3, \text{см}^3, \text{дм}^3, \text{м}^3$), аудан (га, ар) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу
05	Алгебра элементтері	13	Теңдіктер мен теңсіздіктер. Теңдеулер.	Теңдік және теңсіздікті, теңдеуді тану/ тура және тура емес теңдікті айыра білу; таңдап алу әдісі және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешу; $x < a$ және $x > a$ түріндегі теңсіздіктерге сәйкес келетін сандарды анықтау; көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, $x + (25 - 6) = 38$, $(24 - 3) - x = 8$, $a + 6 = 7 + 80$ түріндегі күрделі теңдеулерді шешу; Қарапайым теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу; көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі $x \cdot (25 : 5) = 60$, $(24 \cdot 3) : x = 6$, $x : (17 \cdot 2) = 2$, $k + 124 : 4 = 465$ түріндегі теңдеулерді шешу; қос теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу; $39 + 490 : k = 46$, $230 \cdot a + 40 = 1000 : 2$ түріндегі теңдеулерді шешу
06	Геометрия элементтері	14	Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы	Геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық, сынық сызық, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бір бірінен ажырату және атау; Жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық, сынық сызық, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бір бірінен ажырату және атау; Жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллелепипед) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру; Геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) қабырғаларын өлшеу және салыстыру; Бұрыш түрлерін (тік, сүйір, доғал) бір-бірінен ажырату және атау/ тіктөртбұрышты, шаршыны, тікбұрышты үшбұрышты мәнді белгілері бойынша ажырату және атау; Көпбұрыштардың классификациясы; Көпбұрыштардың қоршаған ортадағы заттар қабырғаларының ұзындығын өлшеу, периметрді табуға арналған формулаларды: $P = (a + b) \cdot 2$, $P = a \cdot 4$, $P = a + b + c$ қорытындылау, құру және қолдану; Фи; Гураның белгісіз қабырғасын оның периметрі мен белгілі қабырғалары арқылы табу; шеңбер, дөңгелек және олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір бірінен ажырату және

				атау/симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру; Тіктөртбұрыш $S=a \cdot b$, шаршы $S=a^2$, тікбұрышты үшбұрыш $S=(a \cdot b):2$, ауданы формуласын шығарып алу және қолдану; Суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау; Берілген ауданы бойынша жазық фигуралар салу; олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгертінін түсіндіру; Тікбұрышты параллелепед көлемінің формуласын ($V=a \cdot b \cdot c$) қорытып шығару және қолдану; Жазық фигураларды осіне қатысты симметриялы болатын фигуралармен нүктелі қағазда толықтыру, бұрыштың шамасын табу
07	Жиындар. Логика элементтері	15	Жиындар және олармен орындалатын амалдар	Жиындарды элементтерінің белгілері (нысандардың түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша құру; Жұп құру арқылы нысандар жиындарын салыстыру/ тең жиындарды, бос жиындарды анықтау; Сандардың жазылуындағы цифрлар саны, 2-ге бөлінуі, сандық тізбектегі алатын орындары бойынша сандық жиындар құру және жіктеу (бөліктеу); Жиындар арасындағы қатынастың (тең, қиылысатын, қиылыспайтын жиындар, ішкі жиын) сипатын анықтай білу; Есептерді/ теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде жиындардың қиылысуы мен бірігуінің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолдану
		16	Пікірлер	Тұжырымдардың ақиқаттығын немесе ақиқат еместігін анықтау; Бірдей цифрлар мен фигуралардан тұратын басқатырғыштар, ребустар шешу, сәйкестік пен ақиқаттықты анықтауға берілген қарапайым логикалық есептерді шығару; Тұжырымдардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау, ақиқат немесе жалған тұжырымдар құру; ақиқат немесе жалған пікірлер құру; Кестелер және графтар құру әдісімен логикалық пайымдауға берілген есептерді шығару; Математикалық мазмұндағы пікірлер құру, олардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау
		17	Тізбектер	10-ға дейінгі/ 20-ға дейінгі сандар тізбегін/ ондықтармен 100-ге дейін және кері ретпен сандар тізбегін құрастыру/ 100 көлеміндегі сандар, суреттер, фигуралар, символдардан тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау; 100-ге дейінгі сандар/1000-ға дейінгі жүздіктер тізбектерінің заңдылығын анықтау; 1000-ға

				дейінгі сандар/ мыңдықтармен миллионға дейінгі сандар тізбектерінің заңдылығын анықтау; 1 000 000-ға дейінгі сандар/алымдары бірдей немесе бөлімдері бірдей жай бөлшектермен өрнектелген сандар тізбектерінің заңдылықтарын анықтау
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).				

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Қазақ тілі: Фонетика. Лексика. Морфология. Синтаксис.

Әдебиеттік оқу: «Дені саудың – жаны сау». «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті». «Қоршаған орта». «Саяхат». «Өзім туралы». «Менің отбасым және достарым». «Менің мектебім». «Менің туған өлкем». «Жанды табиғат». «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен». «Уақыт». «Сәулет өнері». «Өнер». «Атақты тұлғалар». «Су – тіршілік көзі». «Демалыс мәдениеті. Мерекелер». «Менің отаным – Қазақстан». «Құндылықтар». «Мәдени мұра». «Мамандықтар әлемі». «Табиғат құбылыстары». «Қоршаған ортаны қорғау». «Ғарышқа саяхат». «Болашаққа саяхат».

Математика: Есеп және оны шығару процесі. Алгебраның элементтері. Геометрияның элементтері. Шамалар және оларды өлшеу.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. Ана тілі 1-сынып, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас, А.С. Бесірова, Алматы «Атамұра» 2021.

3. Математика 1-сынып 1,2 бөлім. Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова, Т.В.Лихобабенко, «Алматы кітап» баспасы 2021.

4. Әдебиеттік оқу 2-сынып 1,2 бөлім. Б.Т. Қабатай, Алматы «Атамұра» 2017

5. Қазақ тілі 2-сынып 1,2 бөлім. Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т.Сәдуақас, Алматы «Атамұра» 2017.

6. Математика 2-сынып, 1,2,3,4 бөлім. Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж.Мыңжасарова, «Алматы кітап» баспасы 2021.
7. Әдебиеттік оқу 3-сынып 1,2 бөлім. Б.Т. Қабатай, Ү.К. Зейнетоллина, В.А. Қалиева, Алматы «Атамұра» 2018
8. Қазақ тілі 3-сынып 1,2 бөлім. Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т.Сәдуақас, Алматы «Атамұра» 2018.
9. Математика 3-сынып, 1,2,3,4 бөлім. Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж.Мыңжасарова, «Алматы кітап» баспасы 2018.
10. Әдебиеттік оқу 4-сынып 1,2,3 бөлім. З. Мұфтибеков, Ә. Рысқұлбекова, «Алматы кітап» баспасы 2019
11. Қазақ тілі 4-сынып 1,2 бөлім. Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т.Сәдуақас, Алматы «Атамұра» 2019.
12. Математика 4-сынып, 1,2,3,4 бөлім. Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж.Мыңжасарова, «Алматы кітап» баспасы 2020.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Орта білім беру комитеті

_____ (қолы) _____ (Т.А.Ә)
« 13 » 02 2023 ж.